

Пайдалану бойынша нұсқаулық

FinePower

FinePower ASK5
пневмоқұралдар
ЖИЫНТЫҒЫ

Мазмұны

Сақтық шаралары.....	4
FinePower ASK5 пневматикалық бояу бүріккіші.....	6
Құрылғының мақсаты	7
Құрылғы схемасы	7
Техникалық сипаттамалары	7
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	8
Күтім және қызмет көрсету.....	9
FinePower ASK 5 кішкентай бағы бар жуу пистолеті	10
Құрылғының мақсаты	11
Құрылғы схемасы	11
Техникалық сипаттамалары.....	11
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	12
Күтім және қызмет көрсету.....	12
FinePower ASK5 манометрі бар шиналарға ауа беруге рналған пневмопистолет.....	13
Құрылғының мақсаты	14
Құрылғы схемасы	14
Техникалық сипаттамалары.....	14
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	15
Күтім және қызмет көрсету.....	15
FinePower ASK5 үрлемелі пистолеті	16
Құрылғының мақсаты	17
Құрылғы схемасы	17
Техникалық сипаттамалары.....	17
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	17
Күтім және қызмет көрсету.....	17
FinePower ASK5 спираль шлангісі.....	18
Құрылғының мақсаты	19
Құрылғы схемасы	19
Техникалық сипаттамалары.....	19
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	20
Күтім және қызмет көрсету.....	20
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары	21
Қосымша ақпарат.....	21

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Біз сізге жоғары сапа, функционалдылық және дизайн талаптарына сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Жұмысты бастамас бұрын, сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күту бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтаңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Сақтық шаралары

- Құрылғыны тек мақсатына сай пайдаланыңыз.
- Құралмен жұмыс істеу кезінде балалар мен бөтен адамдардың жұмыс орнына жақын болуына жол бермеңіз.
- Құралдың жұмыс түріне байланысты жеке қорғаныс құралдарын (қорғаныс маскасы, тайғанамайтын табаны бар аяқ киім, қорғаныс шлемі немесе есту органдарын қорау құралдары) қолдану жарақат алу қаупін азайтады.
- Құрылғы физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі балалар мен адамдардың пайдалануына арналмаған.
- Пайдаланылмаған құралды құрғақ, жабық, балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек! Осы нұсқаулықпен таныспаған тұлғаларға құралды пайдалануға рұқсат етпеңіз.
- Өндіруші ұсынған бөлшектер мен саптамаларды ғана қолданыңыз.
- Құралды компрессордан ажыратыңыз және жұмыс аяқталғаннан кейін, сондай-ақ бөлшектерді тазалау, қызмет көрсету немесе ауыстыру алдында компрессорды өшіріңіз.
- Ең жоғары рұқсат етілген жұмыс қысымынан аспаңыз.
- Құралды өзіңізге және жақын адамдарға бағыттамаңыз.
- Құралды от көздеріне апармаңыз.
- Құралды жарылғыш ортада немесе ток өткізгіш бөліктерде қолданбаңыз.
- Диаметрі тым кішкентай шлангты немесе тым ұзын шлангты қолданған кезде құралдың қуаты төмендеуі мүмкін.
- Қажетті жұмыс қысымын орнату үшін қысымды төмендететін клапанды қолданыңыз.
- Ыстық сығылған ауаны пайдаланбаңыз, рұқсат етілген ауа температурасы 45 °C құрайды.
- Ауа компрессоры мен ауа шлангісі ауа сүзгісі мен май бөлгішпен жабдықталғанына көз жеткізіңіз.
- Шлангты майыстырмаңыз және оған ауыр заттарды салмаңыз.
- Пневматикалық құралды ыстық беттерден, ашық оттан алыс ұстаңыз.
- Құралды тазарту үшін агрессивті еріткіштерді пайдаланбаңыз.

- Құралды өзгертпеңіз.
- Құралды қолданар алдында барлық бөліктердің дұрыс екеніне көз жеткізіңіз. Егер бөлшектер тозса, оларды ауыстырыңыз.
- Жұмыс орнын таза ұстаңыз. Жұмыс орнындағы тәртіпсіздік немесе жарықсыз учаскелер жазатайым оқиғаларға әкелуі мүмкін.
- Оттегі, жарылғыш газ баллондарын қуат көзі ретінде пайдаланбаңыз, әйтпесе ол жарылыс пен жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Тиісті орнатылған саптамасыз құралды пайдаланбаңыз.

Өнімнің қызмет ету мерзімі

Өнімнің қызмет ету мерзімі - 2 жыл.

Көрсетілген қызмет мерзімі тұтынушы осы нұсқаулықтың талаптарын сақтаған кезде жарамды.

Сыни істен шығулардың тізбесі

Қатты діріл пайда болған кезде пайдалануға болмайды.

Персоналдың ықтимал қате әрекеттері

Зақымдалған сабымен пайдалануға болмайды.

Шекті күйлердің өлшемдері

Өнімнің корпусы зақымдалған.


FinePower ASK5
жоғарғы ыдысы бар
бояу бүріккіш

Құрылғының мақсаты

Бояу бүріккіш әр түрлі беттерді бояу материалдарымен жабуға арналған.

Құрылғы схемасы

1. Бояуға арналған кішкентай бак.
2. Сопло.
3. Сопло шайбасы.
4. Шақпақты қосқыш.
5. Материалдың көлемін реттеу бұрандасы.
6. Ішкі алтыбұрышты бұранда.
7. Ауа қысымын реттеу бұрандасы.
8. Ауа шлангісін жалғауға арналған штуцер.




Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	ASK5
Кішкентай бак сыйымдылығы	600 мл
Макс. жұмыс қысымы	5 бар
Жұмыс қысымы	3–4 бар
Кішкентай бактың орналасуы	жоғары
Сопло диаметрі	1,5 мм
Дыбыс қысымының деңгейі L_pA ($K=2,5$), дБ (А)	82,6
Дыбыс қуатының деңгейі L_wA ($K=2,5$), дБ(А)	96,5

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

ЕСКЕРТПЕ: бояу бүріккішке коррозияға қарсы қорғаныс жағылады. Қолданар алдында құралды еріткішпен шайыңыз және бояу бүріккіштің барлық бөлшектері жарамды, дұрыс орнатылғанын және мықтап бекітілгенін тексеріңіз.


- Соплоны бұру арқылы шашыратуды баптаңыз:
 - Соплоны тік факел үшін шақпақты қосқышқа параллель болатындай етіп бұраңыз (А суреті).
 - Соплоны көлденең факел үшін шақпақты қосқышқа перпендикуляр етіп бұраңыз (В суреті).
- Шақпақты қосқышты аздап басыңыз және ауа қысымы жоғарылағаннан кейін бояуды жалғастырыңыз.




ЕСКЕРТПЕ:

- Сопло диаметрі таңдалған материалдың тұтқырлығына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Бояуға арналған кішкентай бакты тек жоғарғы позицияда қолдануға болады.
- Шақпақты қосқышқа күрт және күшпен баспаңыз. Қысымды біртіндеп күшейтіңіз.
- Құралды тек жақсы желдетілетін жерде қолданыңыз.
- Құралды түтін немесе ашық от көздерінің жанында пайдаланбаңыз.
- Соплоны саусақтарыңызбен жаппаңыз.
- Әрқашан бояу бүріккішті боялған үстіңгі жағына перпендикуляр ұстаңыз және оны боялған бетке параллель жылжытыңыз.

Бояу бүріккіштің дұрыс пайдаланылмауы



Бояу бүріккіштің дұрыс пайдаланылуы



Күтім және қызмет көрсету

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

- Тазалау, техникалық қызмет көрсету, жылжыту және сақтау кезінде құралды ауа компрессорынан ажыратып, кішкентай бактың бос екеніне көз жеткізіңіз.
 - Құралды тазарту үшін металл щеткаларды пайдаланбаңыз.
 - Құралды толығымен еріткішке батырмаңыз.
1. Құралды ауа компрессорынан ажыратыңыз.
 2. Кішкентай бакты босатып, оны бояу бүріккіштен алып тастаңыз.
 3. Шайбаны құралдан қолмен алыңыз.
 4. Соплоны құралдан қолмен алыңыз.
 5. Соплоны еріткішке салыңыз да, щеткамен ақырын жуыңыз.
 6. Бояу бүріккіштің ішін щеткамен және еріткішпен тазалаңыз.
 7. Бояу бүріккіштің корпусын және кішкентай бакты жұмсақ шүберекпен және еріткішпен тазалаңыз.
 8. Бояу бүріккішті қайта жинаңыз.

Сопло ауыстыру

1. Құралды ауа компрессорынан ажыратыңыз.
2. Кішкентай бакты босатып, оны бояу бүріккіштен алыңыз.
3. Шайбаны құралдан қолмен алыңыз.
4. Ескі саптаманы қолмен алыңыз.
5. Жаңа саптаманы орнатыңыз және оны сомын кілтімен қатайтыңыз.

FinePower ASK5
кішкентай багы бар жуу
пистолеті

Құрылғының мақсаты

Кішкентай бағы бар жуу пистолеті тазалағыш затпен сығылған ауа ағынымен тазартуға арналған.

Құрылғы схемасы



1. Сопло.
2. Жуу пистолетінің түтігі.
3. Кішкентай бак.
4. Шақпақты қосқыш.
5. Ауа шлангісін жалғауға арналған штуцер.

Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	ASK5
Кішкентай бак сыйымдылығы	900 мл
Макс. жұмыс қысымы	5 бар
Таза салмағы	480 г
Дыбыс қысымының деңгейі L_pA ($K=2,5$), дБ (A)	90,4
Дыбыс қуатының деңгейі L_wA ($K=2,5$), дБ (A)	104,3

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Кішкентай бакты бұрап алыңыз. Оны 3/4 тазалағыш затпен толтырыңыз және кішкентай бакты қайтадан құралға бекітіңіз.
2. Құралдың ауа шлангісін ауа компрессорына қосыңыз.
3. Құралды тазаланатын бетке перпендикуляр етіп орналастырыңыз және тазалауды бастау үшін шақпақты қосқышты басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ:

- Кішкентай бакты тез тұтанғыш немесе коррозиялық тазартқыш құралдармен толтырмаңыз.
- Құралды ыстық беттерге және электр қосылыстарына тигізбеңіз.

Күтім және қызмет көрсету

ЕСКЕРТПЕ: құралды тазарту үшін жанғыш немесе агрессивті еріткіштерді пайдаланбаңыз.

- Кішкентай бактан сұйықтықты төгіп тастаңыз және оны құрғатыңыз.
- Артық тазалағыш затты соплодан ағызу үшін шақпақты қосқышты басыңыз және саптаманы құрғатыңыз.
- Саптаманы жұмсақ, дымқыл шүберекпен тазалаңыз.

**FinePowerASK5
манометрі бар
шиналарға ауа беруге
арналған
пневмопистолет**

Құрылғының мақсаты

Манометрі бар шиналарға ауа беруге арналған пневмопистолет шиналарға ауа беруге арналған.

Құрылғы схемасы



1. Шинаны емікке қосуға арналған штуцер.
2. Ауа беруге арналған шланг.
3. Манометр.
4. Ауа беру көлемін реттеу бұрандасы.
5. Шақпақты қосқыш.
6. Ауа шлангісін жалғауға арналған штуцер.

Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	ASK5
Макс. жұмыс қысымы	11 бар
Дыбыс қысымының деңгейі L_pA ($K=3$), дБ(A)	86
Дыбыс қуатының деңгейі L_wA ($K=3$), дБ(A)	97

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Құралдың ауа шлангісін ауа компрессорына қосыңыз.
2. Қажетті қысымды орнатыңыз (орнатылған қысым максималды жұмыс қысымынан аспауы керек).
3. Қалпақшаны еміктен алып тастаңыз, штуцерді емікке жалғаңыз және оны иінтіректің көмегімен бекітіп қойыңыз.
4. Шинаға ауа беруді бастау үшін шақпақты қосқышты басыңыз. Ауа беруді тоқтату үшін шақпақты қосқышты босатыңыз. Шинадағы қысым манометрде көрсетіледі.

Күтім және қызмет көрсету

ЕСКЕРТПЕ: құралды тазарту үшін жанғыш немесе агрессивті еріткіштерді пайдаланбаңыз.

Құралды жұмсақ, дымқыл шүберекпен тазалаңыз.


FinePower ASK 5 **үрлемелі пистолеті**

Құрылғының мақсаты

Үрмелі пистолет сығылған ауа ағынынымен беттерді, бөлшектер мен құрылымдардың қуыстарын тазартуға арналған.

Құрылғы схемасы

1. Сопло.
2. Шақпақты қосқыш.
3. Ауа шлангісін жалғауға арналған штуцер.



Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	ASK5
Сопло диаметрі	2 мм
Макс. жұмыс қысымы	10 бар
Таза салмағы	185 г
Дыбыс қысымының деңгейі LpA (K=2,5), дБ(A)	87,8
Дыбыс қуатының деңгейі LwA (K=2,5), дБ(A)	101,7

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Құралдың ауа шлангісін ауа компрессорына қосыңыз.
2. Құралдан сығылған ауаны жеткізуді бастау үшін жақпақты қосқышты басыңыз. Лас беттерді, саңылауларды және т. б. тазарту үшін үрмелі пистолетті қолданыңыз.

Күтім және қызмет көрсету

ЕСКЕРТПЕ: құралды тазарту үшін жанғыш немесе агрессивті еріткіштерді пайдаланбаңыз.

Құралды жұмсақ, дымқыл шүберекпен тазалаңыз.


FinePower ASK5

спираль шлангісі

Құрылғының мақсаты

Спираль шланг құралдан компрессорға қысылған ауаны беруге арналған.

Құрылғы схемасы



1. Шлангты пневмоқұралға қосуға арналған фитинг.
2. Шланг.
3. Шлангіні ауа компрессорына қосуға арналған фитинг.

Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	ASK5
Ұзындығы	7,5 м
Макс. жұмыс қысымы	12 бар
Сыртқы диаметрі	8 мм
Ішкі диаметрі	5 мм

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Ауа шлангісін ауа компрессорына қосыңыз.
2. Пневмоқұралды ауа шлангісіне қосыңыз.

ЕСКЕРТПЕ:

- Ауа шлангісін қоспас бұрын ауа компрессоры мен пневмоқұралдың өшірілгеніне көз жеткізіңіз.
- Ауа шлангісін ұзақ уақыт күн сәулесіне ұшыратпаңыз.
- Ауа шлангісінің өткір беттермен жанасуына жол бермеңіз.
- Ауа шлангісін басқара алмаған жағдайда, дереу жұмысты тоқтатып, оны ауа компрессорынан алыңыз.
- Су немесе басқа сұйықтықты беру үшін ауа шлангісін пайдаланбаңыз.

Күтім және қызмет көрсету

ЕСКЕРТПЕ: ауа шлангісін тазарту үшін жанғыш немесе агрессивті еріткіштерді пайдаланбаңыз.

Ауа шлангісін жұмсақ, дымқыл шүберекпен тазалаңыз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату қағидалары мен шарттары

- Құрылғы ешқандай монтажды немесе тұрақты бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80% - дан аспайтын өндіруші мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында қаптамада сақталуы керек. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Аталған өнімді кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен қағидаларға сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз бақылаусыз қалдықтардың шығарылуының нәтижесінде қоршаған ортаға және адам денсаулығына ықтимал зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығару жөніндегі кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Тайчжоу Бирайт Эйт Тул Ко., Лтд.

Эйр Компрессор өнеркәсіптік ауданы, Цзэго, Вэньлин қ., Чжэцзян пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 010/2011 Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Өнім ерекшеліктері, өнім туралы ақпарат, оның конфигурациясы және функционалдығы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжай: finerpower.ru



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.2

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Дайындаушы кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жиынтықтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүзеге асырылады.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімін мына мекенжай бойынша алуға болады:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету егер оларды ауыстыру өнімді бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтығына кіретін, төменде санамаланған керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП (қашықтан басқару пульті) арналған қуат элементтері (батарейкалар).
- Жалғағыш кәбілдер, антенналар және оларға арналған адаптерлер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтегі ақпарат тасығыштар, бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (өнімнің қатты магниттік дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БЖ қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждық құрылғылар, құралдар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.



Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерін көтермейді:

- Кепілдік мерзімі аяқталды.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттілікке арналған өнім кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей мақсатына сәйкес келмейтін өзге де мақсаттарда пайдаланылса.
- Дайындаушы өнімді пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, өнімді орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, қосу қағидаларын сақтамау салдарынан (өнімнің өзіне де, онымен байланысты өнімдерге де сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде пайда болған қысқа тұйықталулар), өнімді сақтау және тасымалдау кезінде өнімнің иесі және/немесе үшінші тұлғалар шектен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: өнімді пайдалану кезінде алынған жырықтар, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысулар және т.б.
- Бөгде модификацияның, мұндай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес адамдардың рұқсатсыз жөндеудің іздері бар. Егер ақау өнімнің конструкциясының немесе схемасының өзгеруінен, дайындаушы көздемеген сыртқы құрылғылардың қосылуынан, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдаланудан туындаған болса.
- Егер өнімнің ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи элементтер, өрттер, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Дайындаушыға тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Дайындаушы болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. Ақау өнімнің толық немесе ішінара істен шығуына әкелген өнімнің ішіне бөгде заттардың, нәрселердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың енуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температурадан туындаған болса.
- Өнімнің идентификациясы жоқ немесе сәйкес келмейді (сериялық нөмір). Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтама әсерінің салдарынан; өнімнің бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан парольдерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жою, оларды қалпына келтіру/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз, БЖ жеткізушісінің осы қызметті ұсынуының болмауына байланысты болса.
- Егер жұмыс ақаулары қуат беруші, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес келмеуінен, оның ішінде рельеф ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымның желі әрекет ету аймағында немесе одан тыс пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (бастапқы емес) және/немесе сапасыз (зақымдалған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат элементтерін, әртүрлі типтегі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер сәйкес келмейтін контентті (әуендер, графика, бейнелер және басқа файлдар, Java қосымшалары және ұқсас бағдарламалар) алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты болса.
- Осы өніммен жанасып жұмыс істейтін басқа жабдыققа келтірілген залалға.



www.finepower.ru